Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Қ. Пірімов ауылы **2026 жыл 2 ақпан**
сағат 10:00

Жиналысқа қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық мүшелері (тізім бойынша), ауыл тұрғындары, Құмжиек ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері.

Барлығы – қоғамдастық өкілдері 7 адам, ауыл тұрғындары 10 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қ. Пірімов ауылынан бастап Ниязтам- Бармас – Ақтамшық- Қарақұла- Жаубасар- Үш ащы (Қыл) – Әйтімбет – Қожақазған – Тапа елді мекендеріне дейінгі автомобиль жолдарын тегістеу және қардан тазалау жұмыстары.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағалығына бір ауыздан Ж. Әбдікеров, хатшылығына Ж. Шахарұлы сайланды.

Құмжиек ауылдық округінің әкімі Абилов Адилхан Базарбаевич жергілікті қоғамдастық жиналысын ашып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша хабарлама жасады.

-Құрметті Қ. Пірімов ауылының қоғамдастық кеңесі төрағасы және қоғамдастық мүшелері. «Құмжиек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға арналған қаржылық жоспарында ауылдық округ бойынша Қ. Пірімов ауылынан бастап Ниязтам-Бармас – Ақтамшық- Қарақұла- Жаубасар- Үш ащы (Қыл) – Әйтімбет – Қожақазған – Тапа елді мекендеріне дейінгі автомобиль жолдарын тегістеу және қардан тазалау жұмыстары, күтіп ұстау мақсатында қаржы қаралған. Қолданыстағы Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алудың конкурстық тәсілін қолдану үшін мемлекеттік сатып алу порталына конкурс жариялау тәртібі арқылы жүргізілген жағдайда жеңімпаз анықталғанша бірнеше апта күн уақыт қажет ететіндіктен уақыттың тығыздығына орай «Бір көзден сатып алу» тәсілімен жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Осыған орай, қазіргі таңда, жолды қар басып, жол қатынасының қиындық тудыруына байланысты, бір көзден алу тәсілі арқылы жолды қардан тазалау қызметін шұғыл пайдалануға қажеттілік туындап отыр.

Жиналыс төрағасы Ж. Әбдікеров:

Құрметті қоғамдастық мүшелері, жиналыстың күн тәртібіндегі мәселеге байланысты және ауыл әкімінің баяндап өткен Заңнама талаптары түсінікті болды. Дегенмен ауылдық округіміздегі аудан орталығына жол қатынасының қар

басып, жол жүру мүмкіндігі болмай тұрғанын көріп отырсыздар. Осы жерде менің ұсынысым, егер Заңнама талаптарында бір көзден алу тәсілін қолдану қарастырылған болса, уақытты өткізбей, тез арада жолды тазалау жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қоғамдастық мүшелерінің пікірлерін сұрады.

Е. Есмамбетов– қоғамдастық мүшесі

Құмжиек ауылдық округіне қарасты Тапа, Қожақазған елді мекен тұрғындары ауданға жету үшін жол азабын көріп отыр. Күн сайын жауған қар жолды басып қалып, баратын жерге жету мүмкін болмай отыр. Ауылдан ауданға дейінгі жолды ашуға ауыл әкімі ретінде осы қар басқан жолымызды ашуға тиісті шараларды қабылдауыңызды сұраймын. Мемлекеттен шалғай елді мекендердің қар басқан жолдарын тазалауға қаржы қаралған болса, заңға қайшы келмейтін жолын қарастырып, осы мәселені шұғыл қолға алмасаңыз шалғай елді мекен тұрғындарының жағдайы қиындап кетті

К. Қалиев– қоғамдастық мүшесі.

Елдегі болып жатқан уақытша қиындық болса да барлығымыз көріп отырмыз. Жолды грейдерлеуге, қардан тазартуға арнайы техникалар керек. Ауа райының қолайсыздығы қанша халықтың жол қатынасы, азық түлік тасуына қиындықтар туындап отыр. Заңда рұқсат еткен мүмкіндіктерді пайдаланып, тиісті шараларды уақытты созбай қолданып, жол ашып беріңіздер.

Жоғарыда аталған мәселелерді талқылай келе, жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 1. «Құмжиек ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-сі жиналыста қоғамдастық мүшелері мен ауыл тұрғындары атынан көтерілген барлық талап тілектер ескеріліп хаттамаға түсірілсін.
2. Жергілікті қоғамдастық жиналысы хаттамасының 1 данасы «Құмжиек ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-сіне тапсырылсын.

Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысқандардың жалпы саны- 17 .

Жиналыс барысында айтылған мәселелерді қолдап ашық дауыс бергендер саны- 17 .Қалыс қалғандар жоқ.

Жиналыс төрағасы **Ж. Әбдікеров**

Жиналыс хатшысы **Ж. Шахарұлы**